

Құйған ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 14/13-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Күршім ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Құйған ауылдық округі бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім аудандық мәслихатының төрағасы

К. Бахтияров

Күршім аудандық мәслихатының

2023 жылғы 26 желтоқсандағы

№14/13-VIII шешіміне

қосымша

Құйған ауылдық округінің 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына сәйкес Құйған ауылдық округі бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі-жоспар), "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті жол берілетін нормасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

- 1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Құйған ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын) (1-қосымша);
- 2) жайылым айналымдарының қолайлы схемаларын (2-қосымша);
- 3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын (3-қосымша);
- 4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын (4-қосымша);
- 5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын (5-қосымша);
- 6) Құйған ауылдық округі аумағында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасын (6-қосымша);
- 7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигін (7-қосымша).

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Күршім ауданының Құйған ауылдық округінде 4 елді мекен бар.

Құйған ауылдық округі 27490 га алаңды алып жатыр, оның ішінде: жайылым - 22762 гектар.

№	Ауылдық округі	Жайылым алаңы, (га)	Сауын сиырлардың бар болуы (бас)	Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)	Жайылымдардың қажеттілігі, (га)	Артылған, (га)
1	Құйған	26203	744	9,0	6696	19507

Құйған ауылдық округінің жергілікті тұрғындарының малын жаю үшін 26203 гектар берілді.

Жергілікті тұрғындардың басқа ауыл шаруашылық малдарын жаю бойынша жайылымдық алқап қажеттілігі жоқ, ІҚМ басына түсетін жүктеме нормасы - 9,0 га/бас, ұсақ мал - 1,8 га/бас, жылқы - 10,8 га/бас (№ 3 кесте).

№ 3 кесте

№	Ауылдық округі	Халық			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас., (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Мал жаюға берілген, (га)	Артықшылығы, (га)
		ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	Барлығы (га)		
1	Құйған	1072	4561	679	9,0	1,8	10,8	9648	8209,8	7333,2	25191	26203	1012

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі (бұдан әрі - ЖШС), Құйған ауылдық округінің шаруа және фермер қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал - 1083 бас, ұсақ қара мал - 1190 бас, жылқы - 484 басты құрайды.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым ауданы 51329 га құрайды (№ 4 кесте).

№ 4 кесте

№	Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың атауы	Жалпы ауданы (га)	Ауылшаруашылығы жануарларының түрлері бойынша бар болуы			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас., (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)			Барлығы	
			ІҚМ	ҰҚМ	Жылқы	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқы	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқы		
I	ЖШС, шаруа және фермер қожалықтары	51329	1083	1190	484	9,0	1,8	10,8	9747	2142	5227,2	17116,2	
Жиыны									Артықшілігі 34212,8				

Аббревиатуралардың толық жазылуы:


ІММ-ірі мүйіздімал;

ҰММ- ұсақ мүйізді мал;

ШҚ – шаруа қожалықтары.

Құйған ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспарға 1 қосымша

Құйған ауылдық округі аумағында құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (қартасы)



Құйған ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 2 қосымша


Жайылым айналымының қолайлы схемалары

Жылдар	Учаскелер		
	1	2	3
1	Мал жаю	Мал жаю	Демалыс
2	Мал жаю	Демалыс	Мал жаю

Құйған ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 3 қосымша


Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы

СХЕМА
использования пастбищ по Куйганскому сельскому округу
(село Куйган, Кайынды, Кайнар, Карабулақ ауылдары)



Куйган ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 4 қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы




М 1 : 100 000

Күйған ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 5 қосымша

Жайылымы жоқ жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы


СХЕМА
использования пастбищ по Куйганскому сельскому округу
(село Куйган, Кайнды, Кайнар, Карабулақ ауылдары)



Куйған ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 6 қосымша

**Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл
паруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру
схемасы**

СХЕМА
использования пастбищ по Куйганскому сельскому округу
(село Куйган, Кайнды, Кайнар, Карабулак ауылдары)



Күйған ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 7 қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

№	Ауылдық округтің атауы	Жайылымға малдардың шығарылу мерзімі	Жайылымнан малдардың қайтарылу мерзімі
1	Күйған ауылдық округі	Мамыр айының 1 жартысы	Қазан айының 2 жартысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК